**Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына 7-қосымша**

**Нысан**

**Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына**

**Кімнен: «Рухтан» ҚҚ**

## Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

<table>
<tr><td colspan="5">1. Өтініш беруші</td></tr>
<tr><td>1. БСН</td><td colspan="4">230640003409</td></tr>
<tr><td>2. Ұйымның тіркелген күні</td><td colspan="4">2023 жыл 02 маусым</td></tr>
<tr><td>3. Ұйымның толық атауы</td><td colspan="4">«Рухтан» ҚҚ</td></tr>
<tr><td>4. Ұйымның заңды мекенжайы</td><td colspan="4">22ш/а 29 – 55</td></tr>
<tr><td>5. Ұйымның басшысы</td><td>Тегі<br>Кушанова</td><td>Аты<br>Гулнур</td><td>Әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Джексембаевна</td><td>Лауазымы<br>басшы</td></tr>
<tr><td>6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері</td><td colspan="4">1) ұлттық мәдениетті жаңғыртуды, сақтауды, дамытуды және таратуды қамтамасыз ету;<br>2) Қазақстанның мәдени және рухани дамуының жетістіктерін және үлгілерін насихаттауға бағытталған мәдени іс-шаралар өткізу;<br>3) Қазақстанда ұсынылатын мемлекеттік және басқа тілдердің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуы тұрақтылығын қамтамасыз ету;<br>4) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;<br>5) мәдени құндылықтарды құруға және таратуға арналған баспа және баспа, теледидар, радио және өзге де аудиовизуалды бұқаралық ақпарат құралдары;<br>6) мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда олардың белсенді кәсіптік қызметін қозғау арқылы республиканың шығармашылық мұғалімдерін айқындау және қолдау;<br>7) студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | 8) өзара әрекеттесу, педагогикалық тәжірибе алмасу, білім беруді дамытудың маңызды мәселелерін шешуге қатысу үшін Қазақстан Республикасының педагогтар кәсіби бірлестігі үшін қолайлы жағдайлар жасау;<br>9) Қазақстан Республикасының шығармашылық мұғалімдерінің қоғамдық және кәсіби мәртебесін көтеру, олардың бастамаларын зерделеу және қолдау, білім беру тәжірибесінде оң нәтижелер беру;<br>10) Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің инновациялық даму мәселелері бойынша байланыстарды қамтамасыз ету.<br>11) Қоғамда күрделі проблемаға айналған деструктивті ағымдармен, экстремистік, террористік сипаттағы идеялармен күрес және ислам дінін кеңінен насихаттау.<br>12) мамандандырылған және жалпы білім беретін балалар мекемелерінің балаларының бос уақытын өткізу үшін қолайлы жағдайлар жасау;<br>13) мамандандырылған және жалпы балалар мекемелерінің балаларының шығармашылық, интеллектуалды және рухани әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;<br>14) әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларды әлеуметтендіруге, жетім балаларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға қолайлы жағдайлар жасау;<br>15) балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, салауатты тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау;<br>16) балалар үйлері мен басқа мамандандырылған, жалпы балалар мекемелеріне мақсатты қаржылық және материалдық көмек көрсету;<br>17) медициналық мекемелерде емдік және сауықтыру қызметтерге ақы төлеуге жәрдем көрсету;<br>18) балалар үйлерінің жеке, мемлекеттік және мемлекеттік емес заңды тұлғалармен, оның ішінде ғылыми-зерттеу, мәдени және білім беру мекемелерімен, ақпараттық орталықтармен, шығармашылық одақтармен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын кеңейту;<br>19) баспа қызметін жүзеге асыру, бұқаралық ақпарат құралдарын (соның ішінде электрондық бұқаралық ақпарат құралдарын қоса), телевизиялық және радио бағдарламаларын ұйымдастыру, полиграфиялық өнімдерді тарату қызметін ұйымдастыру;<br>20) шет тілдерінен аударма жасау, мәдени-танымдық мазмұндағы аудио-видео өнімдерін және әдебиеттерді тарату;<br>21) ғылыми-практикалық және танымдық іс-шараларды, соның ішінде симпозиумдарды, конференцияларды, семинарларды, көрмелерді өткізу, және осындай шараларды өткізуге ынтымақтастықты көрсету;<br>22) оқыту, денсаулық сақтау, әлеуметтік бағдарламаларды дайындау, және іс жүзінде жүзеге асыру;<br>23) танымдық экскурсияларды ұйымдастыру;<br>24) балаларға арналған оңалту, әлеуметтік бейімделу және психологиялық түзеу орталықтарын құру;<br>25) қауымдастыққа бейімделуге мұқтаж адамдарға психологиялық көмек көрсету;<br>26) түрлі тренингтер өткізу;<br>27) жастар шығармашылық жобаларын қолдау және дамыту;<br>28) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар, гранттар, әлеуметтік кәсіпкерлік, субсидиялар шеңберінде қызметтер жүзеге асыру.<br>29) Қазақстан Республикасының әлеуметтік мәселелерін шешуге қолдау көрсетуіне жағдай жасауға ықпал ету;<br>30) мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру үшін атқарушы билікпен бірлесіп жұмыс жасау;<br>31) Республикалық, облыстық, қалалық, аудандық көлемде экологиялық мәселелерді, экономкикалық мәселелерді, білім беру мәселелерін шешу, мәдени мұраны дамытуға арналған, сыбайлас жемқорлықпен күресуге қатысты іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарын орындау;<br>32) Республика көлемінде барлық бағыттағы әлеуметтік жобаларды, волонтерлік жобаларды жүзеге асыру. |

<table>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td>7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар</td><td>1) мамандандырылған және жалпы балалар мекемелерінің балаларының шығармашылық, интеллектуалды және рухани әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;<br>2) балалар үйлері мен басқа мамандандырылған, жалпы балалар мекемелеріне мақсатты қаржылық және материалдық көмек көрсету;<br>3) түрлі тренингтер өткізу;<br>4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар, гранттар, әлеуметтік кәсіпкерлік, субсидиялар шеңберінде қызметтер жүзеге асыру.<br>5) Қазақстан Республикасының әлеуметтік мәселелерін шешуге қолдау көрсетуіне жағдай жасауға ықпал ету;</td></tr>
<tr><td>8. Ұйымның байланыс телефоны</td><td>87023233790</td></tr>
<tr><td>9. Электрондық пошта мекенжайы</td><td>gulnur2030@inbox.ru</td></tr>
<tr><td>10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты</td><td>Жоқ</td></tr>
<tr><td>11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)</td><td>https://www.instagram.com/rukhtan_kz?igsh=MWxrYnkwaWs4MHljbw==</td></tr>
<tr><td>12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар *<br>Ескерту.<br>* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын</td><td>
<table>
<tr><td rowspan="2">№</td><td rowspan="2">Әлеуметтік жобаның атауы</td><td rowspan="2">Қаржыландыру көлемі (теңге)</td><td rowspan="2">Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші</td><td colspan="2">Орындау кезеңі</td><td>Негізгі Нәтижелері</td></tr>
<tr><td>Басталуы</td><td>Аяқталуы</td><td></td></tr>
<tr><td>1.</td><td>1.1 «Barinbil» суицидология және психология саласының мамандарын оқыту</td><td>2 000 000</td><td>10 000 000</td><td>Наурыз 2024</td><td>Маусым 2024</td><td>Әр түрлі облыстар мен Республикалық маңызы бар қалалардан кемінде 3 үйлестіруші тартылатын болады. Бұл іс-шараның мақсатты Маңғыстау облысының 450 әлеуметтік және психолог мамандарын оқуға тартуға отырып, өңірлердегі жұмыстарды, жоспарланған іс-шаралар мен акцияларды оңтайландыруға ықпал етеді.</td></tr>
<tr><td>2.</td><td>1.2. «Ата –ананың бақыты балада» Маңғыстау өңіріне қарасты ата-аналарынға семинар-тренинг өткізу.</td><td>2 000 000</td><td>10 000 000</td><td>маусым 2024</td><td>Қазан 2024</td><td>Бұл іс-шара жобаға ата-аналарды тартуға және мақсатты аудиторияны қамтуды арттыруға ықпал етеді.</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.</td>
<td>
<table>
<tr><td>3.</td><td>1.3. «КӨМЕК»<br>«Қауіп қатер тобына» жататын жасөспірімдерге консультациялық көмек көрсету</td><td>2 000 000</td><td>10 000 000</td><td>маусым 2024</td><td>Казан 2024</td><td>Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлықтың алдын алу себептері айтылады. Жасөспірімдерге психологиялық қолдау көрсету, олармен арнайы бағытта жұмыстар атқарылады.</td></tr>
<tr><td>4.</td><td>1.4.Әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу жөнінде отырыс</td><td>2 000 000</td><td>10 000 000</td><td>Наурыз 2024</td><td>Желтоксан 2024</td><td>Бұл шараға Білім беру ұйымдарының 5-10 мекемесінде жасөспірімдермен және басшының тәрибе ісі-жөніндегі орынбасарлар, әлеуметтік және психолог мамандарымен жиын және ата-аналарды жұмылдыру арқылы жиын өтеді.</td></tr>
<tr><td>5.</td><td>1.5.Әлеуметтік желіге жариялымдар</td><td>2 000 000</td><td>10 000 000</td><td>Наурыз 2024</td><td>Желтоксан 2024</td><td>МО Білім беру мекемелерінің әлеуметтік желілеріне арнайы дайындалған бейнероликтер жарияланады және әдістемелік кітап таратылады.</td></tr>
</table>
</td>
</tr>
<tr><td colspan="2">2. Әлеуметтік жобаның командасы</td></tr>
<tr>
<td>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</td>
<td>Кушанова Гулнур Джексембаевна – басшы<br>Есен Елдана Ерболатқызы-жоба менеджері<br>Асылжан Асылбекұлы -жоба менеджері<br>Жамаш Таншолпан-есепші</td>
</tr>
<tr>
<td>2. Жұмыс тәжірибесі</td>
<td>– Ұйым: «Рухтан»ҚҚ басшы Кушанова Гулнур Джексембаена<br>– Лауазым: Оқытушы-педагог,волонтер,<br>2010 жылдан бері волонтерлік қызметпен айналысады. «Тарлан-Атырау», «Жас Отан» ЖҚ ұйымдарында жоба менеджері қызметін атқарған. «Жастар Жетістіктер» ҚҚ шараларының белсендісі. • «Кф» ел дауысы «на выборах в РК 2020 г.» контролер №000071<br>• ГТК «Мейірімді жүрек»за вклад в развитие волонтерского движения в Мангистауской области 2021 г.Диплом<br>• 2021 г. обл. Семья Кушановых в конкурсе» Парасатты отбасы «по номинации» любознательная". Диплом. №01613<br>• 2021 г. общенациональный конкурс "Ак жолы Алаша в XXI веке". Благодарственное письмо.<br>• I место в конкурсе колледжей» Лучший молодой специалист-2021 " 2021 г.<br>• Номинация» Лучший молодой специалист-2021 «на областном конкурсе» Лучший молодой специалист-2021".Диплом.<br>• 2021 г. конкурс инновационных проектов "Jastar Startup-2021". Благодарственное письмо.<br>• 2022 г. благодарственное письмо за вклад в развитие волонтерства в Казахстане.</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | • Благодарность за проект «медиаграмотность и кибербезопасность» 2022 г.<br>• Сертификат ОЮЛ» Национальная волонтерская сеть " 2022 г.<br>• Благодарственное письмо за проект EduStar Hackathon 2022 года.<br>• 2022 г. общенациональный конкурс "Ак жолы Алаша в XXI веке". Благодарственное письмо.<br>• Почетная грамота 2022 г. Областной Профсоюз. Т. А. Баймбетова<br>• Благодарственное письмо 2023 года. Республики<br>• Благодарственное письмо 2023 года. Председатель республиканского профсоюза. А. Мукашева<br>• Почетная грамота 2023 г. Руководитель управления образования ГО.Д. Жумашева<br>• Почетная грамота 2023 г. Председатель республиканского профсоюза. А. Мукашева<br>• Благодарственное письмо 2023 года. Министр информации и общественного развития РК Д. Кыдырали<br>• Почетная грамота 2023 г. Председатель федерации профсоюзов РК С. Даулеталин<br>• Благодарственное письмо 2023 года. от имени акима Мангистауской области Н. Ногаева<br>• Почетная грамота руководителя управления образования Д. Жумашевой<br><br>**Асылжан Асылбекұлы -жоба менеджері**<br>• 2015-2019 жылдар арасында волонтерлық қызмет<br>• Оқу ордасында жастар ісі комитеті ұйымында жетекшілік етті<br>• 2018 Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы атынан алғыс<br>• хат<br>• 2019 Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Қ.Жұмашев алғыс хат<br>• 2019 «Бекен» жас көшбасшылар достастығы ұйымының атынан алғыс<br>• хат<br>• 2020 ҚР ішкі министерлігі Маңғыстау облыстық полиция<br>• департаментінің атынан алғыс хат<br>• 2020 SMM group«Интернет маркетолог» курсы<br>• 2023 Маңғыстау жастар саясаты басқармасы “Жас көшбасшылар<br><br>– Басталған жылы:<br>– Бітірген жылы: |
| 3. Қосымша мәліметтер | |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың | Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау |

| | |
|---|---|
| басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | **«Мыңқыстау» пікірсайыс академиясы» жобасы** |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | Еліміздегі жастардың басым бөлігінде білім деңгейің төмендігі, сыни ойлау, өмірлік және моральдық векторлардың жетіспеушілігі, саяси сауаттың төмен болуы салдарынан көптеген әлеуметтік мәселелерге душар болуы жағдайы жиілеуде. Жастар мен жасөспірімдер тұтынушылық қоғам құндылықтарын негізге ала отырып, дарақылануға ұмтылады, сонымен бірге көбінесе туған жері мен елінің болашағына күмәнмен қарап, саяси және қоғамдық институттардың жұмысына қызығушылық танытпайды. Соның салдарынан жастар елдің қоғамдық-саяси өміріне араласудан бас тартып, радикалды популистердің құрбанына айналып отыр. Еліміздің мемлекеттік жастар саясаты соңғы жылдардағы патриоттық тәрбие мен волонтерлік қозғалыстарды белсендіруге бағытталғанымен өскелең ұрпақтың интеллектуалдық және құқықтық дамуына сұранысын толық қанағаттандырмай отыр. Аталған мәселелерді шешуде жастар мен жасөсіпірімдердің арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту өзекті.<br>**Пікірсайыс – жастар мен жасөпірімдер арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру құралы болып табылады. Пікірсайыс арқылы олардың бойында көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті дамып, шешендік өнерге үйренеді**. Пікірсайысқа қатысу барысында ойыншылардың тұлғааралық және басқа да қарым-қатынас мәселесінде толеранттылық қалыптасады, қатысушылардың ой-өрісі кеңейеді. Пікірталас бұрыннан бар білімді жүйелеуге және осы білімді жан-жақты қолдана білуге де көмектеседі. Пікірсайыс қатысушылар жасөспірім кезінде құрдастарымен белсенді және сындарлы қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, олардың әлеуметтенуіне ықпал етеді**.(*1)**<br>Дүниежүзілік экономикалық форумның болжамы бойынша 2025 жылға дейін барлық қызметкерлердің 50% — ы қайта оқытуды қажет етеді. Осындай ақпараттық алаңда, сұранысқа ие болуға аса қажетті қабілеттер санатына – критикалық және аналитикалық ойлау, проблеманы шешу және жан – жақты қарай алу қабілеті, көшбасшылық және көпшілік алдында шебер сөйлей алу сындылар жатқан екен. Аталған меңгеруді қажет ететін қабілеттер - мәселен пікірсайыс қатысушыларға көпшілік алдында сөйлеу, дәлелдеу және өз ойын тиімді жеткізу қабілеттерін жақсартуға көмектеседі. Бұл дағдылар тек пікірталаста ғана емес, өмірдің көптеген басқа салаларында, соның ішінде кәсіби мансапта да құнды. Сондай ақ пікірталас сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, өйткені қатысушылар әртүрлі дәлелдер мен дәлелдемелерді талдап, бағалауға мәжбүр болады. Бұл оларға шешім қабылдауда және өз пікірлерін қалыптастыруда білімді және аналитикалық болуға көмектеседі. **(*3)**<br>**Бүгінгі таңда елімізде жалпы 6 778 пікірсайыс клубы бар. Оның құрамына 121 мыңға жуық адам кіреді. Мектептерде 5905 клуб, колледждерде 733 клуб жұмыс істейді. Жыл сайын пікірсайысқа баратын адамдар саны көбейіп жатыр. Клубтардың басым көпшілігі Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында белсенді түрде жұмыс істейді. Оқу-ағарту министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының» дерегінше, осы жылы дебаттық қозғалысқа қосымша 18 679 мектеп оқушысы мен колледж студенті қосылды. Барлық өңірлерде студенттік десанттардың жұмысы жалғасуда, олардың қызметіне 1232 студент тартылған. (*2)** |

2019 жылы еліміздегі пікірсайыс қозғалысын жандандыруға, барлық пікірсайыс ұйымдарын біріктіруге, турнирлерді ұйымдастыруға, халықаралық жарыстарға қатысу үшін жас пікірсайысшыларды дайындауға бағытталған Ұлттық пікірсайыс федерациясы құрылды. **(*4)**

Қазіргі уақытта елімізде оның ішінде Маңғыстау облысында жастар мен жасөспірімдерге қосымша білім берудің осы саласын дамытуға елеулі қоғамдық сұраныс байқалады. Дегенмен, қазіргі уақытта аталған қозғалыс құрылымсыз және бірқатар оқу орындарының әлеуеті негізінде хаотикалық түрде дамуда. Қазіргі жағдайда аймақта пікірталас орталығын құру пікірталас қозғалысын шоғырландыруға және пікірсайыс ойындарын ілгерілету үшін кешенді саясат жүргізуге мүмкіндік береді. Аталған қозғалыстың жастармен жұмыс жасаудағы құралдардан айырмашылығы, пікірталас жеке дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар жастардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру үшін ең маңызды болып көрінетін қабілеттер мен дағдылардың барлық жиынтығын көрсетуге мүмкіндік береді. **(*5)**

**Маңғыстау облысында жергілікті атқарушы орган тарапынан ұйымдастырылатын пікірсайыс ойындарын «бір ретік» сипатқа ие екенін атап өткен жөн. Сондай – ақ аймақта пікірсайыс қозғалысын дамыту және жүйелендіру бойынша нақты тетіктер мен іс-шараларды ұйымдастыратын қауымдастық қалыптаспаған. Аймақтағы мемлекеттік жастар саясатының тарихында 2012-2017 жылдары аралығында жастар ресурстық орталықтары, жастар ұйымдары мен саяси партиялар жанындағы жастар қанаттары пікірсайыс турнирлерін жиі ұйымдастырған. Нәтижесінде, аталған аралықта аймақта пікірсайыс қозғалысының жаңа толқыны қалыптасқан. Алайда пікірсайыс қозғалысын қолдау және дамыту, пікірсайысшыларды ынталандыру – жүйелі әрі кешенді жүргізілмегендіктен аймақта соңғы 5 жылда аталған қозғалыс өңірдің жалпы және арнаулы-кәсіптік білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастырумен шектелген. (*6)**

**Еліміздегі «билік партиясы» - «AMANAT» партиясының қолдауымен жұмысын бастаған Ұлттық пікірсайыс федерациясы Маңғыстау облысында пікірсайыс қозғалысын дамытуға ынталы әрі мүдделі екендігін, барлық адами және әкімшілік ресурстарының жеткілікті екенін мәлімдейді. (*7)**

**Ұлттық пікірсайыс федерациясының ұсынып отырған аталған жобаның әлеуметтік маңыздылығы – еліміздің «сөйлейтін» жастарын біріктіретін ақпараттық алаң құру идеясына негізілделген. Аталған жоба аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар сериясы қазіргі қоғам үшін әлеуметтік маңызды және өзекті мәселелерді сындарлы және мемлекеттік саясатқа қарама-қайшы емес талқылауға, сондай-ақ диалог пен азаматтық қатысу мәдениетін дамытуға бағытталған. Аталған жобаның келесідей артықшылықтарын атап өткен жөн.**

**Біріншіден,** жоба аясында жастар, жас мамандар мен жоғары сынып оқушылары өзекті мәселелерді талқылаумен айналысады. Бір жағынан, бұл ең көп азаматтардың қызығушылық танытқан тақырыптары бойынша өз пікірін бүкпесіз айтуға және олардың қазіргі қоғамның маңызды процестерінде ақпараттандыру деңгейін арттыра отырып, бір мәселені әртүрлі көзқарастардан қарастыруға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, өзара пікір алмасудың бұл формасы өткізілген пікірталастардың ойын формасы және тәжірибелі модераторларды үйлестіру арқылы әлеуетті эмоционалды шиеленісті және жанжалды төмендетуге мүмкіндік береді.

**Екіншіден,** жастардың әртүрлі пікірталастарға қатысуы пікірталасқа деген қызығушылықты қоғамдық-саяси технология ретінде ынталандырады және сайлауға деген қызығушылықты деструктивті жүйеден тыс қатысудың орнына жүйелік қайта құру құралы ретінде арттыра отырып, сайлау кезеңінде саяси және азаматтық қатысуға сұранысты қалыптастырады.

| | |
|---|---|
| | **Үшіншіден,** моральдық-этикалық мәселелерге, құқықтық және қаржы жүйесіне, халықаралық қатынастарға, әлеуметтік өзара іс-қимылға, ғылым мен өнердің дамуына және т.б. қатысты талқыланатын өзекті тақырыптардың кең ауқымы қатысушылар мен көрермендердің ықтимал олқылықтарды жаба отырып, осы өзекті мәселелерді жақсы түсінуіне ықпал етеді.<br>**Жоғарыда келтірілген барлық тұжырымдар жан-жақты дамыған тұлғаны құрудың тиімді тетігі ретінде пікірталастың әлеуметтік маңыздылығын дәлелдейді.**<br>Аталған жобаны іске асыру аймақ жастары мен жасөспірімдерінің жан-жақты дамуына ықпал етеді, зияткерлік бос уақытты қамтамасыз етеді және жастарды азаматтық қоғамды қалыптастыруға ықпал ететін белсенді өмірлік ұстанымды дамытуға ынталандырады.<br><br>Дереккөз: *1 http://balbal.kz/bilip-jur/pikirsayyis-tarihyi-zh-ne-onyi-zamanaui-t-rleri/<br>*2 https://el.kz/aza-standa-y-pikirsayys-oz-alystary-alay-damyp-zhatyr_46728/<br>*3 https://adyrna.kz/post/159599<br>*4 https://egemen.kz/article/214539-qazaqstanda-tunhghysh-pikirsayys-federatsiyasy-quryldy<br>*5https://www.youtube.com/watch?v=QOKHNdkrYQY<br>*6https://mangystauzhastary.kz/pikirsajystan-awyspaly-kwbok-twrniri-oetedi/, https://www.youtube.com/watch?v=eN1y-j4DoX0,https://mangystauzhastary.kz/mangghystawlyq-pikirsajysshylar-tarazdan-olzhaly-oraldy/,<br>https://mangystaumedia.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/aktauda_zhastar_arasinda_oblistik_pikirsayis_turniri_otti<br>*7 https://www.facebook.com/ortcomkz/videos/%D1%82%D0%B0%D2%9B%D1%8B%D1%80%D1%8B%D0%BF-%D1%82%D0%B5%D0%BC%D0%B0-%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B-%D1%82%D2%B1%D2%A3%D2%93%D1%8B%D1%88-%D0%BF%D1%96%D0%BA%D1%96%D1%80%D1%81%D0%B0%D0%B9%D1%8B%D1%81-%D1%84%D0%B5%D0%B4%D0%B5%D1%80%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%D1%81%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D2%A3-%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D1%81%D1%82%D1%8B%D1%80%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D0%BC%D1%8B-%D0%B6%D3%99%D0%BD%D0%B5-%D1%80/487460565210398/ |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | **Маңғыстау облысында пікірсайыс қозғалысын дамыту** |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1. Маңғыстау облысының пікірсайыс орталығының жұмысын ұйымдастыру;<br>2. Маңғыстау облысының оқушылары арасындағы пікірсайыс турнирінің аудандық, қалалық және облыстық Премьер лигасын ұйымдастыру;<br>3. Маңғыстау облысының студенттері арасындағы пікірсайыс турнирінің аудандық, қалалық және облыстық Жоғары лигасын ұйымдастыру;<br>4. Маңғыстау облысының жастары мен жасөспірімдері (жас мамандарды қоса алғанда) арасындағы облыстық Ашық чемпионатын ұйымдастыру;<br>5. Аймақтағы барлық жалпы орта, орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының пікірсайыс клубтарының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;<br>6. Еліміздегі белгілі пікірсайысшылардың қатысуымен өңірдегі пікірсайысшыларға арналған кемінде 3 шеберлік сағат ұйымдастыру; |

| | |
|---|---|
| | Маңғыстау облысының пікірсайыс құрамасын жасақтау және оның республикалық турнирге қатысуын қамтамасыз ету |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | **Тапсырыс беруші ұсынып отырған алғашқы міндет Маңғыстау облысының пікірсайыс орталығының жұмысын ұйымдастыру болып табылады.** Аталған міндетті ұйымдастыру үшін **Маңғыстау облысында алғаш рет «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясы** өз жұмысын бастайды. Аталған академия – облыстағы пікірсайысшылардың біліктілігін арттыруға, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталады.<br><br>**№1 қадам. «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясын ашу және оның жұмысын ұйымдастыру.** Аталған **жобада инновациялық шешім ретінде академияның қызметі Фронт-офис форматында** құрылады. Фронт-офис онлайн және офлайн форматта қызмет атқарады. Фронт-офисте Маңғыстау облысындағы танымал пікірсайысшылар мен Ұлттық пікірсайыс Федерациясының құрылтайшылары консультативтік қызметтерін ақысыз ұсынады.<br><br>**Тапсырыс беруші ұсынып отырған екінші міндет Маңғыстау облысының оқушылары арасындағы пікірсайыс турнирінің Премьер лигасын ұйымдастыру болып табылады.**<br><br>**№2 қадам.** «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясы Тапсырыс берушімен келісе отырып, турнир Ережесі мен қарарлары, өткізу кестесі келісіледі әрі бекітіледі. Сондай-ақ турнир төрешілерімен келісім-шарт жасалып, командаларды тіркеу онлайн және офлайн жүргізіледі.<br><br>**№3 қадам.** Тапсырыс берушімен келісе отырып лига аясында ұйымдастырылатын турнир кестесіне сәйкес турнирге қатысушы Маңғыстау облысындағы 5 ауданның қатысуымен (Маңғыстау, Мұнайлы, Қарақия, Бейнеу, Түпқараған ауданы) ауданішілік, Ақтау мен Жаңаөзен қаласында қалаішілік кезең ұйымдастырылады.<br><br>**№4 қадам.** Турнир әр елді-мекенде өткізіліп, аудан және қала үздіктері анықталады. Жеңімпаз болып танылған пікірсайыс командаларына Премьер лиганың облыстық кезеңіне жолдама алады.<br><br>**№5 қадам.** Ауданішілік және қалаішілік кезеңде жеңіске жеткен пікірсайысшылар арасында облыстық кезеңнің қорытынды турнирі ұйымдастырылады. Облыстық турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау шарасы ұйымдастырылып, арнайы үш дәрежелі Кубок пен дипломмен, естелік сыйлықтармен марапатталады.<br><br>**Тапсырыс беруші ұсынып отырған үшінші міндет Маңғыстау облысының студенттері арасындағы пікірсайыс турнирінің Жоғары лигасын ұйымдастыру болып табылады.**<br><br>**№6 қадам.** «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясы Тапсырыс берушімен келісе отырып, турнир Ережесі мен қарарлары, өткізу кестесі келісіледі әрі бекітіледі. Сондай-ақ турнир төрешілерімен келісім-шарт жасалып, командаларды тіркеу онлайн және офлайн жүргізіледі. |

| | |
|---|---|
| | **№7 қадам.** Тапсырыс берушімен келісе отырып лига аясында ұйымдастырылатын турнир кестесіне сәйкес турнирге қатысушы Маңғыстау облысындағы 4 аудан қатысуымен (Маңғыстау, Қарақия, Бейнеу, Түпқараған ауданы), 2 қала (Ақтау мен Жаңаөзен қаласы) қатысуымен ауданаралық және қалааралық турнир ұйымдастырылады.<br><br>**№8 қадам.** Турнир Ақтау және Жаңаөзен қаласында өткізіліп, аудан және қала үздіктері анықталады. Жеңімпаз болып танылған пікірсайыс командаларына Жоғары лиганың облыстық кезеңіне жолдама алады.<br><br>**№9 қадам.** Ауданаралық және қалааралық кезеңде жеңіске жеткен пікірсайысшылар арасында облыстық кезеңнің қорытынды турнирі ұйымдастырылады. Облыстық турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау шарасы ұйымдастырылып, арнайы үш дәрежелі Кубок пен дипломмен, естелік сыйлықтармен марапатталады.<br><br>**Тапсырыс беруші ұсынып отырған төртінші міндет Маңғыстау облысының жастары мен жасөспірімдері (жас мамандарды қоса алғанда) арасындағы облыстық Ашық чемпионатын ұйымдастыру болып табылады.**<br><br>**№10 қадам.** «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясы Тапсырыс берушімен келісе отырып, чемпионат Ережесі мен қарарлары, өткізу кестесі келісіледі әрі бекітіледі. Сондай-ақ турнир төрешілерімен келісім-шарт жасалып, командаларды тіркеу онлайн және офлайн жүргізіледі. Аталған чемпионатқа аймақтағы 14 пен 35 жас аралығындағы кез келген жас қатыса алады.<br><br>**№11 қадам.** Маңғыстау облысының жастары мен жасөспірімдері (жас мамандарды қоса алғанда) арасындағы облыстық Ашық чемпионаты кемінде 2 күнге созылады. Аталған чемпионаттың ашылуы және жабылуы салтанаты ұйымдастырылып, аймақтағы мемлекеттік орган басшылары мен өкілдері, БАҚ, жастар ұйымдарының жетекшілері арнайы шақыртылады. Чемпионат қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау шарасы ұйымдастырылып, арнайы үш дәрежелі Кубок пен дипломмен, естелік сыйлықтармен марапатталады.<br><br>**Тапсырыс беруші ұсынып отырған бесінші міндет Аймақтағы барлық жалпы орта, орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының пікірсайыс клубтарының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру болып табылады.**<br><br>**№12 қадам. (тұрақты қадам) –** Аталған міндетті жоғарыда ұсынылған «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясының Фронт-офисі іске асырады. Фронт-офис барлық жалпы орта, орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының пікірсайыс клубтарына ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсетеді.<br><br>**Тапсырыс беруші ұсынып отырған алтыншы міндет еліміздегі белгілі пікірсайысшылардың қатысуымен өңірдегі пікірсайысшыларға арналған кемінде 3 шеберлік сағат ұйымдастыру болып табылады.**<br><br>**№13 қадам.** Аталған міндетті іске асыру үшін Маңғыстау облысында ұйымдастырылған пікірсайыс ойындарының Премьер мен Жоғары лига қатысушылары, Ашық Чемпионатының финалистеріне арналған елімізге танымал, республикалық пікірсайыс турнирлерінің |

| | |
|---|---|
| | жеңімпаздарының шеберлік сағаты ұйымдастырылады. Шеберлік сағат «лагерь» форматында ұйымдастырылып, шеберлік сағатының бағдарламасында теориялық және практикалық білім беруденден бөлек, спорттық-мәдени компонент қарастылады.<br><br>**Тапсырыс беруші ұсынып отырған жетінші міндет Маңғыстау облысының пікірсайыс құрамасын жасақтау және оның республикалық турнирге қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.**<br><br>**Ұлттық пікірсайыс федерациясы аталған жоба аясында жоғарыда көрсетілген турнирлердің жеңімпаздарын республикалық турнирлерге қатысуын қамтамасыз етуді инновациялық шешім ретінде ұсынып отыр. Бұл өз кезегінде Маңғыстау облысында пікірсайыс қозғалысын жүйелі әрі кешенді дамытуға, шетелдік тәжірибеге сәйкес көп кезеңдік турнир өткізуге мүмкіндік береді.** |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Маңғыстау облысы |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | сәуір айы 2023 жыл |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | қыркүйек айы 2023 жыл |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | Маңғыстау облысының жастары |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | • Маңғыстау облысының пікірсайыс орталығы - «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясының жұмысы ұйымдастырылады;<br>• Маңғыстау облысының оқушылары арасындағы пікірсайыс турнирінің аудандық, қалалық және облыстық Премьер лигасы ұйымдастырылады;<br>• Маңғыстау облысының студенттері арасындағы пікірсайыс турнирінің аудандық, қалалық және облыстық Жоғары лигасы ұйымдастырылады;<br>• Маңғыстау облысының жастары мен жасөспірімдері (жас мамандарды қоса алғанда) арасындағы облыстық Ашық чемпионаты ұйымдастырылады;<br>• Аймақтағы барлық жалпы орта, орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының пікірсайыс клубтарының жұмысы ұйымдастырылады және үйлестіріледі;<br>• Еліміздегі белгілі пікірсайысшылардың қатысуымен өңірдегі пікірсайысшыларға арналған кемінде 3 шеберлік сағат ұйымдастырылады |
| Сандық нәтижелері | **1.** - Кемінде 35 пікірсайысшылар бас қосатын Маңғыстау облысының пікірсайыс орталығы - «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясының жұмысы ұйымдастырылады;<br>**2.** Маңғыстау облысының кемінде 100 оқушысының қатысуымен пікірсайыс турнирінің 5 аудандық, 2 қалалық және 1 облыстық Премьер лигасы ұйымдастырылады;<br>**3.** Маңғыстау облысының кемінде 100 студентінің қатысуымен пікірсайыс турнирінің 4 аудандық, 2 қалалық және 1 облыстық Жоғары лигасы ұйымдастырылады;<br>**4.** Маңғыстау облысының кемінде 50 жасы мен жасөспірімі (жас мамандарды қоса алғанда) қатысуымен 2 облыстық Ашық чемпионаты ұйымдастырылады; |

| | | |
|---|---|---|
| | **5.** Аймақтағы жалпы орта, орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының кемінде 30 пікірсайыс клубының жұмысы ұйымдастырылады және үйлестіріледі;<br>Еліміздегі белгілі пікірсайысшылардың қатысуымен өңірдегі кемінде 50 пікірсайысшыға арналған кемінде 3 шеберлік сағат ұйымдастырылады | |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | • Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы арқылы іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейін 80%-ға жеткізу;<br>✓ Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін қатысушылармен кемінде 2 фокус-топтық талқылау | |
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады | | |
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | **№1 қадам.** Жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша бірлестік контент-жоспар жасақталады;<br>**№2 қадам.** Жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысы ұйымдастырылады. Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал инфлюенсерлер атсалысады;<br>**№3 қадам.** Жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтер монтаждалып, тұрақты түрде жарияланып отырады. | |

4. Күнтізбелік жоспар

| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Маңғыстау облысының пікірсайыс орталығының жұмысын ұйымдастыру | «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясын ашу және оның жұмысын ұйымдастыру | Сәуір 2024 жылы | Қараша 2024 жылы | Маңғыстау облысының пікірсайыс орталығы - «Мыңқыстау» пікірсайыс академиясының жұмысы ұйымдастырылады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Ақтау қаласы, 6 ш/а, Жастар орталығы* | | | |
| **2** | Маңғыстау облысының оқушылары арасындағы пікірсайыс турнирінің аудандық және қалалық Премьер лигасын ұйымдастыру | Турнир Ережесі мен қарарлары, өткізу кестесі келісу және бекіту, турнир қатысушыларын тіркеу жұмыстарын жүргізу | Қыркүйек 2024 жылы | Қазан 2024 жылы | Тапсырыс берушімен келісе отырып, турнир Ережесі мен қарарлары, өткізу кестесі келісіледі әрі бекітіледі. Сондай-ақ турнир төрешілерімен келісім-шарт жасалып, командаларды тіркеу онлайн және офлайн жүргізіледі. |
| **3** | | Турнирге қатысушы Маңғыстау облысындағы 5 ауданның қатысуымен (Маңғыстау, Мұнайлы, Қарақия, Бейнеу, Түпқараған ауданы) ауданішілік, Ақтау мен Жаңаөзен қаласында қалаішілік кезеңін ұйымдастыру | Қыркүйек 2024 жылы | Қазан 2024 жылы | Тапсырыс берушімен келісе отырып лига аясында ұйымдастырылатын турнир кестесіне сәйкес турнирге қатысушы Маңғыстау облысындағы 5 ауданның қатысуымен (Маңғыстау, Мұнайлы, Қарақия, Бейнеу, Түпқараған ауданы) ауданішілік, Ақтау мен Жаңаөзен қаласында қалаішілік кезең ұйымдастырылады. |
| **4** | | Жеңімпаздарға арналған марапаттау шарасын ұйымдастыру | Қыркүйек 2024 жылы | Қазан 2024 жылы | Турнир әр елді-мекенде өткізіліп, аудан және қала үздіктері анықталады. Жеңімпаз болып танылған пікірсайыс командаларына Премьер лиганың облыстық кезеңіне жолдама алады. |
| **5** | Маңғыстау облысының студенттері арасындағы пікірсайыс турнирінің аудандық және қалалық Жоғары лигасын ұйымдастыру | Турнир Ережесі мен қарарлары, өткізу кестесі келісу және бекіту, турнир қатысушыларын тіркеу жұмыстарын жүргізу | 15 сәуір 2024 жылы | 20 мамыр 2024 жылы | Тапсырыс берушімен келісе отырып, турнир Ережесі мен қарарлары, өткізу кестесі келісіледі әрі бекітіледі. Сондай-ақ турнир төрешілерімен келісім-шарт жасалып, командаларды тіркеу онлайн және офлайн жүргізіледі. |
| **6** | | Турнирге қатысушы Маңғыстау | 15 сәуір 2024 жылы | 20 мамыр 2024 жылы | Тапсырыс берушімен келісе отырып лига аясында ұйымдастырылатын турнир кестесіне сәйкес турнирге қатысушы Маңғыстау облысындағы 4 аудан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | облысындағы 5 ауданның қатысуымен (Маңғыстау, Мұнайлы, Қарақия, Бейнеу, Түпқараған ауданы) ауданаралық, Ақтау мен Жаңаөзен қаласында қалааралық турнир ұйымдастыру | | | қатысуымен (Маңғыстау, Қарақия, Бейнеу, Түпқараған ауданы), 2 қала (Ақтау мен Жаңаөзен қаласы) қатысуымен ауданаралық және қалааралық турнир ұйымдастырылады. |
| **7** | | Жеңімпаздарға арналған марапаттау шарасын ұйымдастыру | 15 сәуір 2024 жылы | 20 мамыр 2024 жылы | Турнир Ақтау және Жаңаөзен қаласында өткізіліп, аудан және қала үздіктері анықталады. Жеңімпаз болып танылған пікірсайыс командаларына Жоғары лиганың облыстық кезеңіне жолдама алады. |
| **8** | Маңғыстау облысының жастары мен жасөспірімдері арасындағы облыстық Ашық чемпионатын (3 категория бойынша) ұйымдастыру | Турнир Ережесі мен қарарлары, өткізу кестесі келісу және бекіту, турнир қатысушыларын тіркеу жұмыстарын жүргізу | Қазан 2024 жылы | Қараша 2024 жылы | Тапсырыс берушімен келісе отырып, турнир Ережесі мен қарарлары, өткізу кестесі келісіледі әрі бекітіледі. Сондай-ақ турнир төрешілерімен келісім-шарт жасалып, командаларды тіркеу онлайн және офлайн жүргізіледі. |
| **9** | | Турнирге қатысушы Маңғыстау облысындағы 5 ауданның (Маңғыстау, Мұнайлы, Қарақия, Бейнеу, Түпқараған ауданы), Ақтау мен Жаңаөзен қаласының командаларының қатысуымен оқушылар арасында 1 облыстық, студенттер арасында 1 облыстық, жастар арасында 1 облыстық турнир ұйымдастыру | Қазан 2024 жылы | Қараша 2024 жылы | Маңғыстау облысындағы 5 ауданның (Маңғыстау, Мұнайлы, Қарақия, Бейнеу, Түпқараған ауданы), Ақтау мен Жаңаөзен қаласының командаларының қатысуымен оқушылар арасында 1 облыстық, студенттер арасында 1 облыстық, жастар арасында 1 облыстық турнир ұйымдастырылады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **10** | | Жеңімпаздарға арналған марапаттау шарасын ұйымдастыру | Қазан 2024 жылы | Қараша 2024 жылы | Ауданаралық және қалааралық кезеңде жеңіске жеткен пікірсайысшылар (оқушылар мен студенттер) және жалпы өңір жас мамандары арасында облыстық кезеңнің қорытынды турнирі ұйымдастырылады. Облыстық турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау шарасы ұйымдастырылып, арнайы үш дәрежелі Кубок пен дипломмен, естелік сыйлықтармен марапатталады. |
| **11** | Аймақтағы барлық жалпы орта, орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының пікірсайыс клубтарының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру | Фронт-офис қызметі аясында барлық жалпы орта, орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының пікірсайыс клубтарына ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету | Сәуір 2024 жылы | Қараша 2024 жылы | Фронт-офис барлық жалпы орта, орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының пікірсайыс клубтарына ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсетеді. |
| **12** | Еліміздегі белгілі пікірсайысшылардың қатысуымен өңірдегі пікірсайысшыларға арналған кемінде 3 шеберлік сағат ұйымдастыру | Маңғыстау облысында ұйымдастырылған пікірсайыс ойындарының Премьер мен Жоғары лига қатысушылары, Ашық Чемпионатының финалистеріне арналған елімізге танымал, республикалық пікірсайыс турнирлерінің жеңімпаздарының шеберлік сағатын өткізу | Қыркүйек 2024 жылы | Қазан 2024 жылы | Маңғыстау облысында ұйымдастырылған пікірсайыс ойындарының Премьер мен Жоғары лига қатысушылары, Ашық Чемпионатының финалистеріне арналған елімізге танымал, республикалық пікірсайыс турнирлерінің жеңімпаздарының шеберлік сағаты ұйымдастырылады. Шеберлік сағат «лагерь» форматында ұйымдастырылып, шеберлік сағатының бағдарламасында теориялық және практикалық білім беруденен бөлек, спорттық-мәдени компонент қарастылады. |
| | | | | | |

| |
|---|
| * Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.<br>Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі. |
| 6. Өтінімді растау |
| Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:<br>- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;<br>– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;<br>- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;<br>– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;<br>– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;<br>- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;<br>- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;<br>- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);<br>- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;<br>- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды. |
| Басшы: Г.Кушанова<br>«06» наурыз  2024 жыл |